Бөлімі:	**2-бөлім. Программалау (ортақ тақырып: «Дәстүр және фольклор»)**
Педагогтің аты-жөні:	**Шайлавов З.Х**
Күні:	**1А, 13.01.2025 1В, 15.01.2025** **1А, 20.01.2025 1В, 22.01.2025**
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Scratch программасында жобаны сақтау және ашу Музыкалық аспаптар.Жобалық жұмыс**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.4.2.1. программалау ойын алаңында жобаны құру, сақтау және ашу (Scratch). 1.4.1.1. сызықтық алгоритмді іске асыру.
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушылар үшін:*** Сызықтық алгоритм құрады. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Жоба скриптерімен жұмыс жасайды. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Алгоритмді Scratch жобасына айналдырады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1-7 мин.	1. Сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгендеу. 3. Психологиялық жағымды ахуал орнату.			
4. **Топтастыру:**	Оқушылар конвертті ашып, ішінен геометриялық фигуралардан қалағанын алады. Бірдей фигуралар топтасып, бір топқа бірігеді. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, критерийлерімен таныстыру.	*1-топ: «Төртбұрыштар»* *2-топ: «Үшбұрыштар»* *3- топ: «Жұлдызшатер»*		Фигуралар салынған конверт
(МК, Ұ) Ой қозғау. *«Миға шабуыл» әдісі.*	***«Ой қозғау» әдісі.*** **№2 тапсырма.** Алдыңғы білім мен практикалық тапсырмаларды	**Көлденеңінен:** 1. Алгоритм түрі 2. Командалар жиыны 3. Іс-әрекеттер реті	**ҚБ:** Мұғалім тапсырманы орындауда белсенділік көрсетіп, дұрыс орындаған	Интерактивті тақта

	байланыстыру мақсатында төменде берілген кроссвордты шешеді.	4. Алгоритмнің әр қадамы **Тігінен:** 1. Сахна кейіпкері 2. Іс-әрекеттер тізбегі	оқушыларды ***«Мадақтау сөзі» әдісі*** арқылы бағалайды: «*Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	
	Жұмыс дәптеріндегі №1 тапсырманы орында.	Анықтамаларды сәйкестендір.	***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағаланады: «*Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»*	Жұмыс дәптері. 22-бет
Жаңа сабаққа дайындық.	**(Ұ). *«Қане, қайтала!» ойыны*** Ойын шарты: мәтінді оқып шыққаннан кейін қолдарына қалам мен қағаз алып, сұрақтар құрастырады. Сұрақтарын өз іштерінен сайланған жүргізушіге өткізеді. Барлықтары сұрақ құрастырып болған соң, жүргізушіден кез келген парақты алып, жауабын ойластырады. Жауаптарын талдағаннан кейін, мәтін тәртібі бойынша орналастырады. Содан кейін өздерінің жауаптары бойынша құрастырылған мәтінді мазмұндап береді. Ойын соңында өз мәтіндерін берілген үзіндімен салыстырады. Ойын қорытындысы бойынша ең белсенді оқушы анықталады.			
Сабақтың ортасы (26 мин)	**(Ж) 3- тапсырма** Ғабитте қазына жасырылған карта бар. Карта бойынша жүру командалары: алға, артқа, оңға, солға. Мысалы, солға, алға қарай 4 м (2-сурет). 1. Қазынаны іздеу оқиғасын сөз арқылы сипаттайды. 2. Ғабиттің іс-әрекетінің блок-сұлбасын құрады.		Жұптық жұмыста белсенділік көрсетіп, тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды ***«Мадақтау сөзі» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	Оқулық
	(Ө) 4- тапсырма 1) 2-суреттегі жобаға атау бер. Себебін түсіндір. 2) Қолданған командаларға тиесілі блоктарды анықта.		**ҚБ:** Мұғалім тапсырманы орындауда белсенділік көрсетіп, дұрыс орындаған оқушыларды	

			«Мадақтау сөзі» әдісі арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	
	***.(Т) 5- тапсырма** Әлия табиғат аясында серуендеуді ұнатады (4-сурет). Оның сөзбен сипатталған қозғалыс алгоритмі берілген. Осы алгоритмді Scratch жобасына айналдыр.		**ҚБ:** Топтық жұмыста белсенділік көрсетіп, тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды ***«Мадақтау сөзі» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	
	***(Т). №6-тапсырма.** Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын білесің бе? Оларды ішек санының кемуіне қарай орналастыр.  **Дескриптор:** - Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын атайды. - Оларды ішек санының кемуіне қарай орналастырады.		**ҚБ:** Топтық жұмыста белсенділік көрсетіп, тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды ***«Мадақтау сөзі» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	
	Жұмыс дәптеріндегі №4тапсырманы орында.	4. Суретте қай ертегінің кейіпкерлері бейнеленген? 1)Іс-әрекеттердің ретін дұрыс қой. 2) Суретке қарап, оқиғасын құрастыр.	***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағаланады: *«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»*	Жұмыс дәптері. 21-бет
Сабақтың соңы 7 мин.	**(Ө)** Оқушылар төменде	✔ Бүгін мен не білдім?	**ҚБ:** Мұғалім тапсырма	Интерактивті тақта

Сабақты бекіту. Рефлексия.	берілген қорытынды сұрақтарға жауап береді.	✔ Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім? ✔ Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? ✔ Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?	орындау барысында белсенділік көрсеткен оқушыларды ***«Мадақтау сөзі» әдісі*** арқылы бағалайды: «*Жарайсың! Жақсы! Талпын!»*	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілеттірек оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		***«Қошеметтеу»*** әдісі	Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз. 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз. 1: 2: Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек? 1: 2:				